



bl.group.name\_\_age

## **Балаларға арналған әңгімелер: Құл-Керім Елемес «Бір тал шөп»**

### **Құл-Керім Елемес «Бір тал шөп»**

Көрші елдің патшасы залым болады да, ол елден біреу мейірімді патшасы бар келесі елге қашып өтеді. Өткен жерден ұсталып, мейірімді патшаның алдына әкелінеді. Болған жайды білген мейірімді патша әлгі қашқынды бүгінше зынданға салып, ертесі басын алуды бұйырады. "Мейірімді" деп келген патшасынан мұндай сұмдықты күтпеген олөлтірмеуін сұрап, патшаға жалбарынады. Патша оған ертеңге дейін бір тал шөп өсіріп әкелуін бұйырып, егер соны әкеле алса ғана өлімнен құтылатынын айтады.

Содан «біттім» деген ол, енді өзіне Аллаһтан басқа жәрдемші жоғын біліп, таңға дейін бір тал шөп беруін одан жылап сұрап, әбден діңкесі құрып, ұйықтап кетеді. Ертең ерте түрме күзетінің түртіп оятуымен басын көтерген ол, өзі жатқан тас еденде бір тал шөптің өсіп тұрғанын көріп, Аллаһқа мың шүкір, сан мадақ айтады. Сөйтеді де, әлгі шөпті өзімен бірге алып жүреді. Патша уәде бойынша оған өлтіру бұйрығын береді. Сонда ол патшаға әлгі шөпті көрсетеді. Патша одан ол шөпті қайдан, қалай алғанын сұрайды. Ол зынданға түсіп, ертеңгі өлімді күтуден басқа еш шарасы қалмағанда, Аллаһтан бар пейілімен бір тал шөп сұрап, жалбарынып жатып ұйықтап кеткенін, тұрса алдындағы тас еденде осы шөптіңАллаһтың әмірімен өсіп тұрғанын көргенін айтады. Патша оның өліміне жиналып, болған істі ет құлақтарымен естіп тұрған көптің алдында: "Ендеше, сен де еліңнің патшасын залым көрсең, оны тастап қашпай, оның мейірімді патша болуын Аллаһтан тіле. Аллаһ құлы не тілесе соны беретінін міне өзің дәлелдедің",- деп оны еліне қайтарады.